Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің



2017

BECMHUK

Казахского университета экономики, финансов и международной торговли

издается с 2009 года

2009 жылдан бастап шығарылады

ЖАРШЫСЫ

Главный редактор:

Г.С. Сейткасимов,

научный руководитель по экономическим исследованиям КазУЭФМТ, академик НАН РК, д.э.н., профессор

## Заместитель главного редактора:

*А.А. Мусина,* директор Центра социально-экономических исследований, д.э.н., доцент

### Редакционная коллегия:

С.А. Абдыманапов	ректор КазУЭФМТ, д.пед.н., профессор математики
И.Ж. Искаков	ректор АНОО ВПО «Межрегиональный институт
	экономики и права при МПА ЕврАзЭС», к.ю.н.
	(Россия, г. Санкт-Петербург)
В.П. Тихомиров	научный руководитель Московского государственного
	университета экономики, статистики и информатики,
	д.э.н., профессор (Россия, г. Москва)
Г. Ревалде	ректор Вентспилсской высшей школы, д.техн.н.,
	ассоциированный профессор (Латвия, г. Вентспилс)
Е. Әмірбекұлы	проректор по академической деятельности и науке
	КазУЭФМТ, д.э.н., профессор
Д.М. Турекулова	завкафедрой «Менеджмент и маркетинг» КазУЭФМТ,
	д.э.н., профессор
Б.Т. Аймурзина	д.э.н., профессор КазУЭФМТ
Р.Д. Берназарова	технический секретарь, главный специалист отдела
	организации НИР КазУЭФМТ

Свидетельство о регистрации №15459-Ж (вторичное) Выдано Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан Комитет связи, информатизации и информации

### МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

#### ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ НАҚТЫ СЕКТОРЫ / ФИНАНСОВЫЙ И РЕАЛЬНЫЙ СЕКТОР ЭКОНОМИКИ

#### ЕСЕП, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ/ ПРОБЛЕМЫ УЧЕТА, ОЦЕНКИ И СТАТИСТИКИ

Аскарова Т.М. Теоретические основы бухгалтерского учета затрат и калькуляции себестоимости	
продукции	60
Ашкербекова С.И., Абжан Ж.К. Пути совершенствования бухгалтерского учета банковских	
операций в соответствии с МСФО	64
Владыкина Е.Г. Особенности формирования рынка недвижимости в Казахстане	70
Шереметова Н.В. Статистические показатели миграции населения и методика их вычислений	74
АДАМИ ҒЫЛЫМНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ / ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК	

Оспанова Ф.А. Фразеологизмдер астарындағы мифологиялық сипат	80
Туякова А.Е. Қазақстанда Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы кәсіптік-техникалық оку	
орындарының тәрбие жұмыстары	84
Жусупов А.Д. Исторические аспекты развития таможенных органов Республики Казахстан	89

### БІЛІМ САПАСЫ ЖӘНЕ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ /

КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ	
Серикбаева Г.И., Абикенова Т.З. Управление качеством образования с использованием	
облачных технологий	96
Shapiyeva G. The Case Study Technology at Teaching a Foreign Language	100

### СТУДЕНТТЕРГЕ ТІЛДІК ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ /

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ	
Калиева З.М. О развитии иноязычной компетенции в образовательном процессе	105
Урунбасарова Э.А., Утегенова А.А. Модель развития личностно-профессиональной	
компетентности у студентов на занятиях по русскому языку	112
Юнисов Е.А. Описание модели профессионально-ориентированного обучения	
иностранному языку студентов неязыковых специальностей	118
Tleugazina Sh. The Role of a Foreign Language in the Formation of the Personality	

# БІЗДІҢ ТОЙ ИЕЛЕРІ / НАШИ ЮБИЛЯРЫ

B	ыдающ	ийся уче	ный среди нас
~	<u> </u>		<u> </u>

әож 336.027 А.К. Керимбек, э.ғ.м., аға оқытушы ҚазЭҚХСУ

## ӘЛЕМДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зерттеудің мақсаты – әлемдегі қаржылық дағдарыстың салдары, оның зардаптарының алдын алу шаралары, ғалымдардың ой-пікірлері, қаржылық дағдарыс кезіндегі Қазақстан Республикасының экономикасына қатысты негізгі өзекті мәселелері мен оны дамыту бағыттары қарастырылған.

Әдістемесі – әлемде орын алып жатқан қаржылық дағдарыстың салдары және оның зардаптарының алдын алу шаралары ретінде мемлекеттік бағдарламалар қабылданды.

Құндылықтар – соғыстан кейінгі үйіндіде отырған Жапонияның аз уақыт ішінде жаңа технологиялар бойынша алпауыт ел АҚШ-тан озып кетуі, әрине, Жапонияның озық үлгісіне қызығушылық туғызады.

Қорытынды – егеменді еліміздің алдына биік мақсаттар қойып, әлемнің отыз бәсекеге қабілетті елдері қатарына қосыламыз деген міндет Күншығыс елінің тәжірибесін зерттеуге итермелейтін бірден-бір себеп болып табылады. Экономикалық дағдарыстарды басынан кешірген елдер өндірістерін дамытуға инновациялық үдерістерді жандандыру арқылы қол жеткізгенін атап айту маңызды. Мұндай жол Қазақстан үшін де маңызды болмақ.

**Негізгі ұғымдар:** қаржылық дағдарыс, ұлттық экономика, жекешелендіру, әлемдік валюта, интеграция, инновация, франчайзинг, холдинг, корпорация, венчур.

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында экономиканы дамытуға қоғамды басқару мен өндіріс салаларында экономикалық тиімді және озық инновацияларды жетілдіру негіз бола алады.

Ғалымдар мен мамандардың көпшілігі жиі қайталанып жатқан экономикалық дағдарыстар себептерін экономиканы басқару үлгілерінен іздейді. Осыған орай, анағұрлым қолайлы басқару құралдарын анықтау мақсатында экономикалық үлгілердің батыстық, исламдық және басқа да түрлерін зерттейді.

Ұлттық экономиканы басқару үшін жекелеген елдердің үкіметтері әлемдік тәжірибеден негізінен екі үлгіні қолданатындығын көруге болады.

Олардың біріншісі – басқарудың монетарлық үлгісі, ал екіншісі – өндірістік үдерістер технологиясымен басқару үлгісі. Шын мәнінде, бұл үлгілер бір экономикалық жүйенің екі жағы тәрізді, экономиканы басқарудың өзара толықтырушы құралдары болып табылады. Кезінде олардың арасындағы байланыстар өндірістің капиталистік және социалистік тәсілдері дамуының идеологиялық себептері бойынша ажырап қалған болатын. Басқарудың ұштасқан екі үлгісінің арасындағы ажырап қалған байланысты калпына келтіру арқылы әлем елдерінің көпшілігінде қолайлы экономикалық басқарудың сапалы жаңа технологиясы құрылуы мүмкін.

Басқарудың аталған негізгі екі түрін

талдау нәтижесінде бірінші үлгінің жеке секторды дамытуға негізделіп, нарықтық әдістермен басқарылғандығын, ал екіншісінің экономиканың мемлекеттік секторын дамытуға негізделіп, жоспарлық әдістермен басқарылғандығы көрінеді. Бұл жалпы жүйелік айырмашылықтар салдарының нәтижесінде көптеген батыс елдерінің мемлекеттік басқаруларында қаржы ағындары арқылы реттелетін экономиканы басқару тәжірибесі қалыптасты, ал бұрынғы КСРО-да тауар ағындары арқылы реттелетін экономикалық дамудың үлгісі басым қолданылды.

ҚР егемендігін алысымен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ұлттық экономиканың негізгі салалары нарықтық қатынастарға бағытталды. Кеңес дәуірінде мемлекет өзі ғылыми зерттеулерге тапсырыс жасап, қаржыландырып, оларды мемлекеттік кәсіпорындарда іске қосатын болса, енді Қазақстан өнеркәсіптерінің 90% жуығының жекешелендірілуіне орай мұндай байланыс жойылып кетті [1, 2].

Әлемде орын алған қаржы дағдарысының басты себебі – әлемдік валюта АҚШ долларының шектен тыс көп мөлшерде шығарылуы деп баспасөз беттерінде жиі жарияланатын болды. Алайда, бұл дағдарыстың себептері Елбасынының «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласында нақты әрі тереңінен қарастырылып, оған келесідей анықтама беріледі: «Бүгінде елдер мен континенттерді тітірентіп тұрған жаһандық элемдік дағдарыс – бұл адамзат әлі біліп болмаған айрықша құбылыс. Ол әлем тарихында теңдесі жоқ және әлемдік тәртіпті, барлық экономикалық бастауларды түбегейлі өзгертетін құбылыстар санатына жататыны анық. Сондықтан да оны талдауға, ой-елегінен өткізуге және еңсеруге барлық ескі догмалар мен стереотиптерді қайта қарастыратын жаңаша көзқарас қажет».

Әрине, жаңаша көзқарастың қалыптасуына бірталай уақыттың кететіні сөзсіз. Алайда, мұндай игі бастаманың алғашқы қадамын Қазақстан жасап та үлгерді деп айтуға болады. Оған 2003-2015 жылдары арналған ҚР Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы дәлел. Ғылыми-технологиялық саясат – экономиканың тұрақты дамуының басты тетігі. Алайда, елде ғылыми зерттемелерге деген сұраныстардың болмауы және осының салдары болып табылатын өнеркәсіптердегі инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі экономиканы реформалаудағы ғылымның ролін бағаламаудан туындайды. Шын мәнінде, өндіріс факторларының өнімділігіне тек қана ғылыми-техникалық және инновациялық прогресс арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қазақстандағы ғылымның дамуына басқа индустриалды дамыған елдердегімен салыстырғанда түбегейлі ерекшеліктер тән. Дамыған елдерде іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруға кететін шығындарға жыл сайынғы өсім, ғылым мен жеке меншік сектордың интеграциясы арқасында ғылыми жаңалықтарды жедел іске қосу, ғылымның корпоративтік секторын құру мен дамыту, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге ғылыми-техникалық мүмкіндіктерді пайдалану тән.

Атап айтсақ, 2000 жылы ғылыми зерттеулерге жұмсалған мемлекеттік шығындар келесідей көрсеткіштерге ие: АҚШ – 246 млрд долл. (ЖІӨ-нің 2,9%), Жапонияда – 94,2 млрд долл. (ЖІӨ-нің 3,0%), Германияда – 45,8 млрд долл. (ЖІӨ-нің 2,35%), Францияда – 28,0 млрд долл. (ЖІӨ-нің 2,25%), ал Швецияда – 7,6 млрд долл. (ЖІӨнің 4,0%) [3, 5].

Қазақстанда ғылымды қаржыландыруға соңғы бес жыл ішінде ЖІӨ-нің 0,2% жұмсалады. Бұл, әрине, төмен көрсеткіш. Алайда, Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне орай, 2010 жылға дейін кезең-кезеңмен аталған көрсеткішті ЖІӨ-нің 2% дейін көтеру, ал 2015 жылы 2,5-3,0% жеткізу көзделіп отыр.

Кейбір ғылыми зерттеулерді қажетті деңгейде қаржыландырмау және оны жауып тастау салдарларынан көптеген жас ғалымдар ғылым саласынан кетуге мәжбүр болды. Сондай-ақ, ғылымның материалды-техникалық базасы тозып, ескірді.

Бүгінгі таңда мемлекет ғылыми зерттеулерге тапсырыс береді, оларды қаржыландырады, алайда олардың тәжірибе жүзінде пайдаланылуы іске аспай қалады. Өйткені жеке меншік сектор оларды қажет етпейді. Осылайша, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс ажырап кетті. Мұның себебі қазақстандық өндірістің ғылыми жаңалықтарды керек етпеуінде емес, керісінше отандық өндіріс үшін жоғары технологиялар өте қажет, сол себепті де олар шетелдерден дайын технологияларды сатып алуға мәжбүр.

Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметке үлкен көңіл бөлінеді. Өйткені оның түпкілікті нәтижесі болып өндірістің тиімділігінің артуы, еңбек пен капитал тиімділігінің артуы, жоғары технологиялық өнімнің көлемі табылады, ал бұлар өз кезегінде мемлекеттің экономикалық қуаттылығын білдіреді.

Индустриалды дамыған елдерде кадрларды даярлауға, өндірісті ұйымдастыруға, технологиялардан, жабдықтардан көрініс табатын жаңа білім алуға ЖІӨ өсімінің 85-90% жұмсалады. Бұл елдерде жаңа технологияларды іске қосу нарықтық бәсекелестіктің маңызды факторына айналып, өндіріс тиімділігін арттырудың және қызмет пен тауар сапасын жетілдірудің негізгі құралы қызметін атқарады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық мәселелері болып бәсекеге қабілетті өнімдер алуға бағытталған отандық ғылыми сыйымдылығы мол өндірістерді дамыту, жаңа ақпараттық технологияларды дайындау мен игеру, сондай-ақ республиканың өндірістік және ғылыми-техникалық мүмкіндіктерін сақтап қалу мен дамыту арқылы ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету табылады.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді белсенді етуге, жаңа технологиялық үрдістерді іске қосуға, өңдеуші өнеркәсіптерде жаңа бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық мүмкіншіліктерді дамытуға, ғылым мен өндіріс арасындағы ажырастықты қалпына келтіруге, инновация саласындағы қызметтерді ынталандыруға, алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялардың нақты трансфертін қамтамасыз етіп, халықаралық стандарттарды енгізуге бағытталған.

Ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай, инновация саласын дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіптік өндіріс құрамындағы және еңбекпен қамтамасыз етілгендер санындағы шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып, сәйкесінше 2,8-3,2% және 12,0-14,0% құрап отыр. Бұл көрсеткіштер индустриалды дамыған елдермен салыстырғанда бірнеше есе аз.

Ірі кәсіпорындармен салыстырғанда шағын инновациялық кәсіпкерліктердің дамуына олардың бәсекеге қабілетті өнім өндіре алмауы кедергі жасап отыр. Ірі кәсіпорындар мен шағын кәсіпкерліктердің ынтымақтастықтарын қамтамасыз ету үшін қызмет көрсету бойынша табиғи монополиялардың қызметтерін шағын бизнестің бәсекелік ортасына ауыстыру тетіктерін жасау қажет. Сондай-ақ, шағын бизнестегі инновациялық және ғылыми сыйымдылығы мол өндірістердің дамуына жағдай жасау қажет, мәселен, лизинг бойынша жабдықтар мен технологиялар алу және франчайзингтік қатынастарды дамыту.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми зерттемелерді нарықтық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі, менеджмент маркетинг және талдау салаларында білікті мамандар жетіспейді. Сол себепті де қазақстандық мамандарды шет елдердегі алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу институттарында, компанияларында тәжірибеден өткізу үрдісін қалыптастыру қажет, сондай-ақ отандық кадрларды дайындау үшін шетелдік білікті мамандарды шақыру қажет.

Қазақстан ғылымының қазіргі кезде

көптеген аяқталған зерттемелері бар, алайда олар өндірістің сұранысына ие болмай отыр. Бұл үлкен мүмкіншіліктер береді және оның іске асуы – инновациялық қызметті дамытудың басты міндеттерінің бірі. Инновациялық қызметті дамытудың маңызды факторы болып зияткерлік меншікті пайдалану мен оның құқықтарын қорғау табылады. Инновациялық дамудың базалық үлгісінің негізінде инновацияның ішкі (өсіру) және сыртқы (трансферт) қайнар көздерінің ара қатынастары жатады. Инновацияны өсіру стратегиясы көшбасшы-елдер АҚШ-қа, ГФР-ге, Ұлыбританияға, Жапонияға тән, бұл елдер өзіндік іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарына негізделген өздерінің технологияларын жетілдірумен айналысады. Трансферт стратегиясы өзіндік іргелі әрі қолданбалы зерттемелері жоқ және осы мақсаттарға арналған шектеулі ресурстарға ие елдерге тән.

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің 2006 және 2007 жылғы Халыққа жолдауларында қолданбалы ғылымды өндіріспен бизнеске жақындату керектігін, әсіресе ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жеке меншік сектордың үлесіне тиесілі болу қажеттігін баса көрсеткен болатын.

Осы тұрғыда елімізде көптеген игі бастамалар қолға алынып та үлгерді. Айталық, «Парасат» холдингі өндіріс пен мемлекеттің ғылыми зерттеулерге тапсырысында «байланыстырушы арнасы» ретінде құрылып, холдингтің ғылыми ұйымдары мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік қызметін атқарады. Содай-ақ, өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірісіне ғылыми зерттеулердің озық нәтижелерін іске қосуда ынтымақтасуды көздеп, қазақстандық экспорт өнімдерінде жоғары технологияның өнімдерін арттыруды мақсат тұтады [6-8].

Ғылыми-технологиялық саладағы мемлекетпен жеке меншік салалардың өзара серіктестігі механизмдерін пайдалану ғылыми кәсіпорындардың ұйымдастыру-құқықтық формаларын өзгерту арқылы оларды акционерлік қоғамдарға айналдыру нәтижесінде мүмкін болды. Мемлекет экономиканы тек қана саяси тұрғыда басқарады, ал өнеркәсіптік активтер бойынша менеджер функциясын жекеменшік сектор мен ұлттық компаниялар атқарады. Осыған сәйкес, ғылым да табиғи технологиялық дамуында сол ғылым жемісін пайдаланатын тұтынушылармен бірдей құқыққа ие болуы қажет.

«Парасат» холдингі 2008 жылы 3 шілдеде ҚР үкіметінің қаулысымен жүз пайыздық мемлекеттік акция пакетімен құрылған болатын. Холдингтің негізгі қызметі Қазақстанның ғылыми-технологиялық дамуына қолайлы жағдай туғызу.

2008 жылдың 21 тамызында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қостанай қаласында өткен мәжілісте «жоғары технологиялық және инновациялық үлесі мол жобаларды таңдау» бойынша шаралар қабылдау қажеттігі жөнінде айтқан болатын. Сол себепті де елімізде құрылған «Парасат» холдингінің басты мақсаты болып серпінді ғылыми және инвестициялық жобаларды іске асырып, алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктер нәтижелерін ұлттық экономиканың әртүрлі секторларына енгізу табылады.

Аталған холдингтің компанияларының құрамына бес заңды тұлғалар: «Жер, металлургия және байыту туралы ғылыми орталығы» АҚ, «Фито химия ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ, «Ғылыми қоры» АҚ, «Ғылыми-техникалық ақпарат ұлттық орталығы» АҚ, «Ақпараттандыру ұлттық орталығы» АҚ, кіреді. Холдинг ғылыми-инновациялық қызметтің – ақпараттан бастап зерттеулерге дейін және олардың нәтижелерін өндіріске ендіру сияқты барлық аспектілерін қамтиды.

«Парасат» холдингінің құрылуымен қатар жеке меншік секторда өзіне ашылған жаңа мүмкіншіліктерді түсініп отыр. Бүгінгі күннің өзінде холдинг «Атамекен одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасымен» ынтымақтастық жөнінде меморандум қабылдады. Энергияны үнемдеу

мен энергетикаға бойынша ғылыми зерттемелерді іске қосу дайындалып қойды. «Қазатомөнеркәсібі» компаниясымен бірлескен ғылыми-техникалық жобалар тізімі мақұлданды. Олардың ішінде уранды, жерасты сілтісіздендірудегі қалдықтардан рений мен сирек кездесетін элементтерді шығару жобасын іске асыру көзделуде.

«Парасат» холдингінің алғашқы көрнекті нәтижелерінің бірі болып тау-кен кәсіпорындарында пайдалы қазбалар алуда қолданатын минералдар негізінде жасалған ампулалар өндіру табылады.

«Қазақмыс» корпорациясы үшін холдинг институттары кейбір технологиялық үдерістерді жетілдіруге, алынатын өнім көлемін арттыруға, қалдықтар құрамында қалып қоятын құнды құрауыштар көлемін азайтуға арналған регламенттер дайындап берді. Мұндай жұмыстар «Алтыналмас» АҚ, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ үшін де жүргізілді.

Холдингтің құрылуына аз-ақ уақыт өткеніне қарамастан, қыруар жұмыстар жасалынып жатыр. Инновациялық салаларда жұмыс жасайтын компаниялар дағдарыстарға төтеп бере алатындығын тарихтан көруге болады. Мәселен, 1998 жылғы азиаттық қаржылық дағдарысқа төтеп бере алған компаниялардың 41% инновациялық технологияларды пайдаланған болатын. Ал бүгінгі таңда дүниежүзін шарлаған экономикалық дағдарысты көптеген көреген экономистер мен қаржыгерлер инновацияны дамытуға үлкен түрткі болады деп пайымдайды. Бұл дағдарыс алыпсатарлық экономиканың күйрегенін көрсетеді. Ғылымитехникалық зерттемелерге бай қазақстандық ғылым үшін мемлекет пен жекеменшік серіктестік арқылы өзара тиімді негізде бизнес үшін қажетті болу мүмкіндігі туындап отыр.

Әлемнің көптеген дамыған елдері осы жолды ондаған жылдар бұрын жүріп өтті. Олардың салған сара жолы бүгінде біздер үшін сабақ болып табылады. Әсіресе, Елбасының «отандық ғылымды халықаралық ғылыми-технологиялық қоғамдастығымен интеграциясын қамтамасыз ету керек» деген идеясы тұрғысында Қазақстан үшін жоғары технологияның отаны саналатын – Жапонияның орны ерекше.

Айталық, жапон үкіметі тарапынан F3TKЖ-ға қашанда баса назар аударылып келді және ол өз жалғасын табуда. 2005 жылғы F3TKЖ үшін жұмсалған қаражат көлемі елдің ЖІӨ-нің 3,35% құрады. Бұл шығыстар негізінен жаңа идеялар мен күрделі зерттеулер жүргізу мақсатында қолданылды. Соңғы 20 жыл ішінде Жапониядағы ғылым мен технологияны дамытуға жұмсалатын шығыстар 8 есеге өскен. Бұл Жапонияның әлемдегі инновациялық саланы дамытуға ең көп шығын жұмсайтын ел екендігін көрсетеді.

Жапония – патент алу максатында жасалатын өтініштер саны ең жоғары мемлекет. 2000 жылы АҚШ-тағы патент алу мақсатында тіркелген 300 мың өтініштің 50 мыңы – жапондық компаниялар мен корпорациялар. Корпорацияларға ҒЗТКЖ-ға қолдау көрсету бойынша жүйе құру құқы берілген. Көптеген корпорациялар келешегі бар зерттеулерге қолдау көрсету мен оларды іске қосу мақсатында арнайы бонустар жариялаған. Мәселен, Sony сияқты трансұлттық корпорацияларда бонус мөлшері еш шектелмейді, яғни белгілі бір технологияны іске қосу нәтижесінде түскен компания табысынан есептеледі. Тіпті, бұл елде университеттерге өзіндік лицензиялық фирмаларын құруға заңмен рұқсат етілді, бұл патент беру саласын дамытуға үлкен ықпал етері хақ.

Сондай-ақ, жапон экономикасының барлық салаларына ҒТП әсерінің күрт күшейгендігін бөліп көрсеткен жөн. Ол ең алдымен, Жапонияның ғылыми-техникалық әлеуетінің айқын өсуімен байланысты.

Ұзақ уақыт бойы Жапония шетелдік технологияны қолдана отырып, өндірісті дамытты. 1950-1982 жылдарда ол 40 мыңға жуық лицензияны сатып алып, енгізді және де Жапония шетел технологиясын жай көшірмелеген жоқ, оны жетілдіруге ұмтылды.

1970-ші жылдардың басына қарай жапондықтар импортталған технологияны экономикалық дамытуға сенуге болмайтындығын түсінді. ҒЗТКЖ-ға шығындар жылдам өсе бастады, берік зерттеулер өрістей бастады. Жапондық монополистік капитал елді капиталистік әлемнің технологиясының негізгі көзіне айналдыру, өнеркәсіптік технология саласында ғана емес, сонымен катар ғылыми зерттеулерде, өнімнің жаңа түрлерін шығаруда, дизайн саласында оны озат ету міндетін қойды. «Дизайн Жапонияның жаңа күресінің әскери ұраны болып табылады».

Жапонияда ҒЗТКЖ қаржыландыруда негізгі рольді жеке капитал атқарады – 1983 жылы 65,2%. Мемлекет ҒЗТКЖ-ға қорлардың 24% ұсынады. Жапонияда ҒЗТКЖ-ды қаржыландыруда мемлекеттің ролі АҚШ (48,4%) пен ГФР-ға (41,6%) қарағанда кем. F3TKЖ негізгі көлемін жеке корпорациялар орындайды – 1983 жылы 63,5%. Мемлекеттік ғылыми мекемелерге ҒЗТКЖ шығындардың 9,6% келеді. Басқа дамыған елдермен салыстырғанда ғылыми зерттеулерде үлкен рольді жоғары оқу орындары атқарады (23%), бірақ орындалатын жұмыстар көлемінде жоғары оқу орындарының салыстырмалы үлесі үнемі қысқарады. Өнеркәсіптік фирмалардың ғылыми зертетулерінде маңыздылық артады. 1984-1985 жылдары 5 аса ірі фирманың үлесіне өнеркәсіпте орындалған ҒЗТКЖ жалпы көлемінің 17,2% келді. Негізгі зерттеулермен қоса жаңа технологиялардың жұмыстарын жүргізуді ынталандыру мақсаттарымен жеке корпорациялармен бірге «Маңызды технологиялар орталығы» құрылады. Шетел технологиясының импорттаушысынан Жапония жылдам экспорттаушыға айналады. 1983 жылы шетел технологиясы үшін төлемдер 1975 жылдың бағасымен 748,9 млн долл., ал технологияны экспорттаудан түсімдер 645,9 млн долл. құрады. Төлемдер кірістерден тек 102,9 млн долл. ғана асады. Жапон технологиясын дамытудың ма-

ңызды бөлігі венчур болды. Кез келген экономикалық жүйесінің динамикалығы ғылыми-техникалық дамудың мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Соңғылары қазіргі заманғы батыс экономикасының құрылымында венчурлық (тәуекелдік) бизнестің таралуы нәтижесінде едәуір артты. Ол ғылыми-техникалық революцияның қазіргі заманғы кезеңінде ерекше маңыздылыққа ие болды және сонымен қатар 1970-1980 жылдарда оның күшеюінің шартымен алғышарты болып табылды. Венчурлық бизнес ғылыми жетістіктермен экономиканың құрылымдық қайта құрылуын жүзеге асыру механизмі болды. Пайда көлемінің 30-50% жуығын өнеркәсіптік компаниялар өнімнің жаңа түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алады, олардың нарықта әрекет ету кезеңі бес жылдан аспайды.

Ірі корпорациялар өндірістің циклдік құлдыраулары мен пайданың қысқару жылдарында да оларды үзбей, ҒЗТКЖ-ға шығындарды арттырады. Алайда, өнімнің үнемі жаңаруы, технологиялық дамудың жетілдірілуі өсіп жатқан қиындықтарға итермелейді. Және олардың бәрінен кемі капиталдардың жетіспеуінен тұрады.

FTП өндірістің материал сыйымдылығына әсері қайшылықты болды. Шикізаттың материалдарды өндіру үдерісіне тартылатындардың санын кеңейтуге тенденция туындады. Материалдық сыйымдылығы мол технологияны және екінші қайтара шикізатты қолдану өндірістің материал сыйымдылығын азайтуға жағдай жасады. Алайда, бірқатар жағдайда шикізат пен отынды тиімді және оңтайлы қолдануға мүмкіндік беретін, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктері 1960-1970 жылдары шикізаттық материалдарды тұтынуды басым арттыруға жалпы тенденцияны тек кішігірім деңгейде ұстады. 1970 жылдардың ортасында төмен энерго- және материал сыйымдылығы мен ғылыми сыйымды түрдегі құрылымды құруға курс жарияланып, бір жағынан жеке фирмалардың, екінші жағынан бұл күрсты заңнамалық, әкімшілік және қаржылық шаралар сериясымен күшейтетін мемлекеттің бірлескен әрекеттері негізінде жүйелі түрде және ойдағыдай жүзеге асырылды.

Өндірістің төмен шығындарымен жоғары сапа деңгейі тұсында ұсақ сериялы өндірісті ұйымдастыру секілді күрделі мәселелерді шешу үшін, жапондық монополистік капитал әртүрлі тәсілдерді қолданады. «Канбан» жүйесін қолдану назар аударуға тұрарлық. Оны «Тайота» 30-шы жылдардың өзінде қолдана бастады, «Канбан» немесе дәл уақытында жеткізу жүйесі тауар-материалдық қорларды қысқартуға әкеледі. «Тайотадағы» қоймалық қорлардың көлемі 1 сағат жұмысқа есептелген, «Фордта» - 3 аптаға дейін. Жылына 420 мың машина шығарған, «Ниссан» фирмасының автокөліктік зауытында жинақтаушы бөлшектер конвейердің 2 жұмыс сағатына болатын. Байланыстылар бұл бөліктерді екі сағат дәлдігімен экелген және зауытта конвейер тоқтап қалған жағдай болмаған. Қоймалық үй-жайлардың және оларда жұмыс істейтін жұмысшылардың болмауының арқасында жапондық машина жасаушылар бір машинаға есептегенде орташа алғанда 94 доллар өндіріс шығынына үнемдеген. «Тайотада» сол жақ қанаттарды дайындау бойынша автоматтық тармақтарды қайта жөндеу 5 минутты алады, «Вольвоға» – 4 сағат. Әртүрлі модификацияларда «канбан» жүйесі Жапонияның басқа да корпорацияларында қолданылады. Ғылыми қызметкерлерінің саны бойынша Жапония сол сияқты АҚШ-тан кейінгі екінші орында болды. ЖҰӨ-ге ҒЗТКЖ шығындарына қатысты Жапония АҚШ пен ГФР кейін үшінші орынды иеленді [9-12].

Бұдан шығатын қорытынды, Жапонияның ғылыми сыйымдылығы мол өнімдерді экспорттаудағы әлемдік үлесі 1988 жылдан бастап АҚШ-ты басып озып, содан бері Жапония «жоғары технология» өнімдері бойынша дүниежүзіндегі аса ірі экспорттаушыға айналды. Жоғары технологиялық өнімдер шығару бойынша, атап айтсақ, электронды құрауыштармен байланыс аппаратуралары бойынша Жапония экспорты АҚШ экспортынан 1970 жылы асып түскен болатын. Ал 2006 жылы – 702 млрд АҚШ долл. жетті. Олай болса, соғыстан кейінгі үйіндіде отырған Жапонияның аз уақыт ішінде жаңа технологиялар бойынша алпауыт ел АҚШ-тан озып кетуі, әрине, Жапонияның озық үлгісіне қызығушылық туғызады. Ал алға биік мақсаттар қойып, әлемнің отыз бәсекеге қабілетті елдері қатарына қосыламыз деген міндет Күншығыс елінің тәжірибесін зерттеуге итермелейтін бірден-бір себеп болып табылады. Экономикалық дағдарыстарды басынан кешірген елдер өндірістерін дамытуға инновациялық үдерістерді жандандыру арқылы қол жеткізгенін атап айту маңызды. Мұндай жол Қазақстан үшін де маңызды болмак.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2008 жылғы 11 наурыз.

2. Бекхожаева Ғ. Бүкіл әлемдік қаржылық дағдарыс: шығу себептері мен қорғану жолдары // Кәсіптік мектеп. – 2009. – №3.

3. Мақыш С.Б. Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайындағы Қазақстан банк секторының қаржы тұрақтылығының біріктірілген индексі // ҚазЭУ Хабаршысы. – 2010. – №3. – 570 б.

4. Мақыш С.Б. Әлемдік қаржы дағдарысының Қазақстан банктік секторына ықпалы және оған қарсы шаралар // Тұран. – 2010 . №2.– 416 б.

5. Құрмашев Ә. Дағдарыс кезеңіндегі елеулі табыс // Президент және Халық. – 2010. – №44. – 2 б.

 Сатыбалдин С. Бүкіләлемдік қаржы дағдарысы және оның Қазақстанға әсері//Қазақ. – 2009 ж. 24-30 шілде. – 3 б.

7. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, Ақорда. – 2009. 5 ақпан.

8. Дағдарыстан – дамуға // Нұр–Астана. – 2009, 12 наурыз. – 1-2 б.

9. Дағдарыстан шығу кілті // Мұнай Қазақстан. – 2009, ақпан. – 2 б.

10. Байзақов С. Әлемдік қаржы дағдарысы ғылыми қауымдастықты тығырыққа тіреді/ / Алаш айнасы. – 2009 ж. 7 қазан. – 6 б.

11. Дағдарыс және жұмыссыздық // Түркістан. – 2009 ж. 15 қаңтар. – 5 б.

12. Шамұратова Ж. Дағдарыстың салқын демі кімге қалай тиюде?// Алтын Орда. – 2010 ж. 14-20 қаңтар. – 14 б.

### Резюме

В статье рассматриваются последствия мирового финансового кризиса, меры по их предотвращению, мнения ученых, актуальные вопросы, связанные с экономикой Республики Казахстан в период финансового кризиса и их направления развития. Отмечены, какие были приняты государственные программы по предотвращению последствий мирового финансового кризиса. Перед нашим независимым государством были поставлены высокие цели для реализации задачи вхождения в число 30 развитых конкурентоспособных стран, что обусловило исследование опыта развития страны Восходящего солнца. Важно отметить достижения стран, прошедших экономический кризис, которые развивали производства через обновление инновационных процессов. Такой путь будет полезным для Казахстана.

### Summary

In article consequences of world financial crisis, a measure for their prevention, opinions of the scientists, the topical issues connected with economy of the Republic of Kazakhstan are considered in the period of financial crisis and their direction of development. State programs were accepted on prevention of consequences of world financial crisis. The high purposes were set for our independent state for realization of a problem of occurrence into number 30 of the countries developed the competitive that caused research of experience of development of the country of the Rising sun. It is important to note achievements of the countries which have passed an economic crisis which developed productions through updating of innovative processes. Such way will be useful for Kazakhstan.



*дөж 332.024 Р.Г. Сатканова*, э.г.к., доцент ҚазЭҚХСУ

## ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫ: ЗАМАНАУИ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада Қазақстанның аймақтарын дамытудың өзекті мәселелері қарастырылды. Елдің аймақтық даму бағдарламалары аумақтың айтарлықтай көлеміне және макроөңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытуда үлкен дифференциацияға байланысты Қазақстан үшін аса өзекті болып табылады.

Мақалада инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуге негізделген өңірлік даму мәселелерін шешудің заманауи тәсілдері қарастырылған. Макроөңірлердің теңгерімді дамуы үшін экономиканы әртараптандыру, өндіруші өнеркәсіп пен аз өнімді ауыл шаруашылық секторларының өндіріс секторынан және экономиканың жоғары қызмет көрсететін секторларынан еңбек ресурстары ағыны мен халықтың жан басына шаққандағы табысының артуына ықпал ететін саясатты жүргізу қажет.

*Негізгі ұғымдар:* аймақ, аймақтық саясат, макроаймақ, макроаймақтың экономикалық әлеуеті, макроаймақтың инвестициялық бағдарламасы.

Аймақтық саясат кез келген мемлекеттің қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан үшін оның маңыздылығы өте маңызды, соның ішінде әсіресе Қытай, Ресей және Өзбекстан сияқты ірі мемлекеттермен шектесіп жатқан аумақтармен байланысты. Бұл жағдайда бірыңғай аймақтық саясат аясында өңірлердің келісімділігін қамтамасыз ету — Қазақстанның мемлекеттік дамуының маңызды стратегиялық міндеті.

Аймақтық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оның мынадай негізгі бағыттары бар:

 аймақтар үшін басымдықты кәсіпорындар мен өндірістерге қажетті селективті көмек көрсетуді, құрылымдық өнеркәсіптік және инвестициялық саясатқа сәйкес кәсіпорындарды санациялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

- өндіріске қолдау көрсету мен сыртқы және ішкі нарықтарда сұранысқа ие өнімдерді шығаруды арттыру, аймақтардың экспорттық әлеуетін дамыту;

- экономикалық болашағы жоқ өндірісті экологиялық бақылауды күшейту арқылы бірте-бірте тұйықтау;  өнеркәсіптің базалық салаларындағы
 ірі кәсіпорындарда капиталды шоғырландыру және өндірістік қызметті жандандыру мақсатында технологиялық өзара байланысты өндірістің жаңа (аймақаралық) ұйымдастыру құрылымдарын қалыптастыру;

 халықтың жұмыспен қамтылуын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру, жергілікті нарықта тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұсынуды арттыру мақсатында жеке кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орташа бизнесті дамытуға қолдау көрсету;

- инвестрлерді, оның ішінде тікелей шетелдік инвестицияларды ең алдымен материалдық өндіріс саласы мен аймақтық инфрақұрылымға тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- аймақтың қаржылық ресурстарын, институттық инвесторлар жүйесін, жинақтауды жандандыруға қабілетті бюджеттен тыс көздерді қалыптастыру және оларды инвестицияларға тиімді айналдыру.

Қазақстан Республикасының өңірлерінде экономикалық даму деңгейін салыстыру ең ірі агломерациялар (Астана, Алматы) мен бір жағынан негізгі мұнай өндіруші өңірлері мен елдің қалған бөлігі арасындағы жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнімнің айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ – Қазақстан аймақтарының экономикалық даму тұрғысынан ең индикативті көрсеткіштерінің бірі. Жан басына шаққандағы деңгейдің біркелкі емес ЖӨӨ халықтың ақшалай табысына және әлеуметтік мәртебесіне теріс әсер етеді.

Сондықтан аймақтық даму еліміздің стратегиялық басымдықтарының бірі болып қала бермек. Ел өңірлерінің тұрақты дамуынсыз тұрақты экономикалық өсім мүмкін емес. Қазақстан Республикасының аймақтық саясаты көптеген елдер үшін ұлттық ауқымда бірыңғай экономикалық кеңістікті құру және нығайту, мемлекеттіліктің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қамтамасыз ету, аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін жағдайларды салыстырмалы теңдестіру сияқты жалпы мақсаттарға жетуге бағытталған. Қазақстанның тәуелсіздік алған күнінен бастап аймақтық даму мәселелері, оның ішінде өңірлердің әлеуметтікэкономикалық даму деңгейін реттеуге бағытталған өңірлік саясаттың екі тұжырымдамасы бойынша бірқатар нормативтік құжаттар қабылданды. Сонымен қатар 2004-2010 жылдарға арналған ауылдарды дамыту бағдарламаларын іске асыру, 2004-2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту және 2015 жылға дейінгі елдің аумақтық даму стратегиясы жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта бірқатар саяси құжаттар, соның ішінде әлеуметтік, индустриалды, инновациялық, агроөнеркәсіптік даму саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ реттелетін облыстардағы аймақтық дамудың белгілі бір аспектілеріне эсер ететін басқа да құжаттар қолданылады.

Аймақтарды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының қабылдануымен Қазақстанның өңірлік саясатының жаңа кезеңі басталады, ол «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: мемлекет үшін жаңа саяси бағытты іске асыру шеңберінде әзірленді [1].

Қазіргі заманғы аймақтық саясаттың негізі – экономикалық өсім орталықтарының басымдықты дамуының, аумақтық шоғырлану мен басқарылатын урбанизацияның, хаб және сәулелік қағидаттарға негізделген макроөңір дамуының ұтымды теңгеріміне негізделген теңгерімді даму стратегиясы. Сонымен қатар бағдарламада өңірлерді дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетудің құралдары бар, нақты өңірлерде де, жалпы елде де экономикалық өсу орталықтарын қалыптастырудың басымдықтары атап өтілген.

Бағдарлама тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға, өңірлердің экономикалық әлеуетін дамытуға, өзін-өзі ұйымдастыру және нарықтық негізде өзінөзі дамыту,ішкі консолидацияға көшуді жеңілдететін әкімшілік-құқықтық және экономикалық шараларды анықтайды, сондай-ақ олардың функционалдық типологиясына және экономикалық әлеуетіне сәйкес өңірлерді дамытуға негізделген халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты:

- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау;

- елдің ұтымды аумақтық ұйымдарын қалыптастыру;

 экономикалық өсім орталықтарында халықтың және капиталдың шоғырлануын ынталандыру [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанның өңірлік саясатының негізгі бағыттарының бірі экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыруды құру болып табылады. Осы мақсатта дамудың теңдестірілген стратегиясынан кейін мемлекет экономикалық өсу орталықтарының көмегімен даму үлгісін таңдайды. Оларда капитал мен халықтың шоғырлануы тиіс.

Өңірлік дамудың оңтайлы саясатын жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысының 2011 жылғы 21 шілдедегі Жарлығымен бекітілген еліміздің 2020 жылға дейінгі аумақтық

дамуының болжамды схемасы Қазақстан Республикасының аймақтарының мынадай жіктелуін қабылдады:

- макроөңірлер – ұқсас экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бар аймақтар топтары;

- хаб қалалары – ұлттық және аймақтық өзара іс-қимыл орталықтары: сауда және логистика, көлік, қаржылық және кадрлық орталықтар, ақпараттық және технологиялық провайдерлер;

- агломерация – тұрақты өндірістік, мәдени, тұрмыстық және басқа байланыстармен біріктірілген, сондай-ақ аумақтық бірігу үрдісіне ие бір (моноцентрлік) немесе бірнеше (полисантикалық) қалалық ядролардың маңындағы елді мекендердің урбандалған кластері болып табылады [2].

Бұл болжау схемасына сәйкес республиканың аумағы алты макроөңірге бөлінген: оңтүстік, солтүстік, орталық-шығыс, батыс, сондай-ақ әртүрлі әлеуеті бар және елдің экономикалық дамуына үлес қосатын Алматы мен Астана макроөңірлері.

Осылайша, 15,2%-ды құрайтын Батыс Мұнайгаз мақроөңірі халықтың үлесіне (23,8%) көшбасшы болып табылады. Сонымен қатар ел халқының 37,7%-ын (Алматы қаласын қоспағанда) құрайтын аграрлық Оңтүстік макроөңірі елдің ішкі жалпы өнімінің тек 17%-ын ғана құрайды.

Бұл, ең алдымен, макроөңір экономикасының құрылымына байланысты.

Батыс макроөңірінің жалпы өңірлік өнімінің 90%-дан астамы өндіруші өнеркәсіппен қамтамасыз етілген – жұмыс орындарының шектеулі саны бар жоғары өнімді сектор. Сонымен қатар оңтүстік және солтүстік макроөңірлердің дамуы ауылшаруашылығы төмен өнімділікке негізделген, жұмыс орындарының саны шектеулі. Тиісінше, ел халқының үлес салмағы олардың елдің ЖІӨге қосқан үлесі ең аз.

Бұл макрорегионның неғұрлым урбандалғандығына байланысты оның экономикасы әртараптандырылған. Осылайша, сәйкесінше орташа жан басына шаққандағы табыс, Орталық-Шығыс макроөңірде урбанизацияның салыстырмалы түрде жоғары деңгейі бар. Жан басына шаққандағы ең жоғары табыс Астана және Алматы қалаларында байқалады. Сонымен қатар аграрлық Солтүстік және Оңтүстік макроөңірлерде ең төменгі жан басына шаққандағы табыс көрсеткіштері. Батыс макрорегионы моноқалалық өндірумен сипатталады, сондай-ақ өндіруші сектордан тыс халықтың жан басына шаққандағы табысы аз.

Макроөңірлердің теңгерімді дамуы үшін өз экономикаларын әртараптандыру, өндіруші өнеркәсіп пен аз өнімді ауыл шаруашылығы секторларының өндіріс саласынан және төменгі өнімділігі бар ауыл шаруашылық секторларынан инвестициялар мен еңбек ресурстары ағынын өңдеуші өнеркәсіпке және халықтың жан басына шаққандағы халықтың жан басына шаққандағы табыстарын арттыруға мүмкіндік беретін экономиканың жоғары қызмет көрсететін секторларына жұмсау саясатын жүргізу қажет.

Қазіргі заманғы технологияларды дамыту, өндіріс процестерін автоматтандыру және өндірісті ақпараттандыру есебінен өндіруші өнеркәсіп пен аграрлық сектор жеткілікті жұмыс орындарын құра алмайды.

Осы мәселелерді шешу үшін 2015-2019 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған шаралар әртараптандыруды ынталандыруға және өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі кезеңде жеткілікті мөлшерде жұмыс орындарын қызметтер секторы ұсына алады. Урбанизацияланған аудандарда экономиканың қызмет көрсету салалары дамып келеді. Осылайша, аймақтық саясат тұрғысынан алғанда, бұл басқарылатын урбанизация саясатын білдіреді және елдің шикізаттық емес ЖІӨ-ін арттырады.

Экономиканың құрылымы мен урбандалу дәрежесіндегі айырмашылықтарды ескере отырып, елдің макроөңірлері үшін инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуге әртүрлі көзқарастар қажет.

Қазіргі уақытта Ұлттық экономика министрлігі елдің таңдаулы 6 макроөңіріне арналған инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр [3].

Бұл инвестициялық бағдарламалар әр макроөңір үшін олардың салыстырмалы басымдықтары, экономикалық өсімнің өңірлік жүргізушілері, ірі өңірлік жобалар айналасындағы шағын және орта бизнестің дамуы, сондай-ақ макроөңір экономикасын әртараптандыру және импортты алмастыру негізінде инвестициялық басымдықтарды анықтауға бағытталатын болады.

Осы бағдарламалардың негізгі мақсаты макрорегейлер мамандандыруы немесе өнімдердің нақты түрін (түрін) әрбір өндірістің бекітілуі болып табылады, содан кейін оларды бүкіл ел сатып алады. Бұл инвестициялық бағдарламалар макроөңірдің даму мақсаттарына сәйкес келеді және келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

 - әрбір макроөңірдің салыстырмалы артықшылықтарына, аймақтың даму деңгейіне және олардың экономикаларын әртараптандыруға негізделген инвестициялық басымдықтарды айқындау;

 - ірі өңірлік жобалар аясында шағын және орта бизнестің экономикалық өсімінің өңірлік қозғаушы күштерін қалыптастыру [3].

Осылайша, орталық-шығыс макрорегионы үшін әзірленген инвестициялық бағдарлама жоғары технологиялық өндірістерді құру және экологиялық проблемаларды шешу тұрғысынан жобаларды дамытуды қамтитын дамудың постиндустриалды кезеңіне арналған болады.

Оңтүстік және солтүстік макроөңірлер үшін бұл агроөнеркәсіптік кешенде қосылған құнды ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ тиісті салалардың кластерін құру арқылы өнеркәсіптік даму сатысына көшу.

Батыс макроөңір үшін мұнай-газ өнер-

кәсібі, сондай-ақ мұнайгаз саласы үшін қызмет көрсету салаларын белсенді дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру маңызды.

Бұл Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан өзара байланысты өндіруші, өнеркәсіптік кәсіпорындар, ғылыми орталықтар, сервистік және логистикалық компаниялар кешені.

Алматы және Астана қалалары инновациялық кластерлерді дамыту орталықтарына айналуы керек, медицина, білім беру және ғылыми даму секілді салаларды дамытуды көздейтін инновациялық технологиялар мен білімге негізделген экономиканы дамытуға тиіс.

Астанада «Назарбаев Университеті» базасында фундаменталды және қолданбалы ғылымды дамыту функциясы сеніп тапсырылған ірі ғылыми және өндірістік орталықтар құрылды және құрылады.

Алматыда алдыңғы қатарлы технологияларды беру проблемаларын шешу үшін, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін индустриалды жүзеге асыру үшін «Инновациялық технологиялар паркі» базасында орталық құру жоспарлануда.

Осы инновациялық кластерлер шеңберінде медицина саласындағы ғылыми орталықтар, «3D баспа», геология, металлургия, композициялық материалдар, энергия үнемдеу, құрылыс технологиялары құрылады.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, 2017 жылы елдегі экономикалық өсімнің қозғаушы күштері экспорттық әлеуетке ие медицина, білім және сауда болуы тиіс. Болашағы бар бағыт – басқа елдермен бәсекелестік үшін нақты мүмкіндіктер бар «қазақстандық білім» брендісін құру. Қазіргі таңда Қазақстанда Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Үндістаннан оқушылар оқиды [4]. Рольдерді бөлу осындай, аймақаралық сауда-саттықты күшейту мақсатын көздейді. Инвестициялық бағдарламалар ұлттық шкала бойынша өңіраралық сауданың жүргізушісі болуға тиіс.

ҰЭМ деректері бойынша, 2014 жылы

тұтастай алғанда еліміздің басқа өңірлерінде сатып алынған тауарлардың жалпы көлеміне үлесі 37,3% құрады, ал резидент еместерден сатып алынған тауарлардың үлесі 62,7% құрады [5].

Бұл аймақаралық ынтымақтастықтың әлеуеті толығымен ашылмағанын және қысқа мерзімде импорт алмастыру ставкаларын, соның ішінде отандық өндірушілерді қолдау арқылы арттыру қажет екендігін көрсетеді.

Макроөңірлердің ішінде көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту хабтар, ірі жүк ағынын тартуға арналған дистрибуциялық хабтар, басқа да негізгі ресурстар (қаржылық, еңбек, мәдени, т.б.) қағидаты бойынша жүзеге асырылатын болады.

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілі З. Салай Қазақстан ЕО үшін маңызды сауда және инвестициялық әріптес болып отырғанын атап өтті. Оң үрдіс ретінде Қазақстан аймақтық дамуына инвестиция құйып отырғанын атап өтуге болады.

Еуропада аймақтық дамуды инвестициялаған елдер әлемдік өзгерістерге бейімделгіш экономикаға ие. Сонымен бірге Еуропадағы өңірлердің дамуы 30 жыл болды [6]. 2016 жылы Еуропалық Одақтың «Қазақстанның өңірлік дамуы» төрт жылдық жобасы Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында аяқталды.

ЕО пилоттық аймақтарға консультациялық және техникалық қолдау көрсетті, бұл үшін 6,3 млн еуро бөлінді. 2013 жылдың басынан бастап үш облыста 30 млрд-тан астам теңгеге туризм, инновация және ауыл шаруашылығы саласындағы 50 инвестициялық жоба мен бизнес-жоспар дайындалды. Бұл Қазақстанның барлық өңірлерінде таратылатын болады Жалпы алғанда, Еуропалық Одақ аймақтық мазмұнмен басқа жобаларды ескере отырып, Қазақстанның өңірлік дамуына 13,5 млн еуро инвестициялады [6].

Осылайша, еліміздің аймақтық дамуы өте маңызды. Үлкен және нашар қоныстанған аумаққа ие Қазақстан өңірлер арасында объективті дамудың теңгеріміне ие. Мемлекеттің аймақтық саясатындағы жаңа тәсілдер елдің макроөңірлерін дамытуға арналған инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуге байланысты.

### Әдебиеттер

1. Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасы. – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы қаулысы.

2. Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық дамуының болжау схемасы, 2011 жыл.

3. ҰЭМ Қазақстанның 6 макроөңірлік өңірінің инвестициялық бағдарламаларын әзірлеуді жүзеге асырады// – Forbes.kz. 2016 ж. 10 маусым.

4. Глава Минэкономики: мы поддержим строительство торговых центров// Sputniknews.kz. – 15 марта 2017 года.

5. Шарабасов Ж. Развитие регионов РК. – http://abctv.kz

6. Маңғыстау, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарының даму үлгісі басқа өңірлерде таратылатын болады. – Астана: ҚазАқпарат. – 2017 ж. 1 ақпан.

### Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы развития регионов Казахстана. Программы регионального развития страны являются наиболее актуальными для Казахстана в связи со значительными размерами территории и большой дифференциацией в социально-экономическом

развитии макрорегионов. В статье рассматриваются современные подходы в решении вопросов регионального развития на основе разработки инвестиционных программ.

Для сбалансированного развития макрорегионов необходимо проведение политики диверсификации их экономик, с обеспечением перетока инвестиционных и трудовых ресурсов из добывающей промышленности и низкопроизводительных сельскохозяйственных секторов в обрабатывающую промышленность и высокопроизводительные сервисные сектора экономики, что повысит среднедушевые доходы населения страны.

### Summary

The article deals with topical issues of the development of the regions of Kazakhstan. Regional development programs of the country are most relevant for Kazakhstan in connection with the significant size of the territory and a great differentiation in the socio-economic development of the macroregions. The article considers modern approaches to solving the issues of regional development based on the development of investment programs.

For the balanced development of macro-regions, it is necessary to pursue a policy of diversifying their economies, ensuring the flow of investment and labor resources from the extractive industry and low-productivity agricultural sectors to the manufacturing sector and high-performing service sectors of the economy, which will increase per capita incomes of the country's population.

*ӘОЖ 338.242:636(574) Н.Ө. Тұрдалы,* э.ғ.к. *Д.Қ. Көпэкасар,* магистрант ҚазЭҚХСУ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуға көшуі — қазіргі заманғы экономика дамуының басым және негізгі бағыты. Дамудың қазіргі жағдайдағы ерекшелігі ғылым мен техниканың жетістіктері бұрын болмаған экономикалық өсімнің динамикасын, халықтың әл-ауқатының деңгейін, әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін, олардың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін және әлемдік экономикаға тең интеграцияның шартына айналғанын анықтай бастады.

Негізгі ұғымдар: инновация, венчурлық капитал, капитал, нарық, тауар, автоматтандыру.

Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей экономикалық даму, көркеюдің негізгі жолы – инновациялық бағытта көрінеді. Сондықтан экономиканың негізгі салалардың инновациялық дамуын тиімді басқару мен ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Мемлекет өз тарапынан инновациялық дамуына қолдау жасап, саясатты үнемі жүргізіп отырады.

Инновация халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ел экономикасының және оның әр түрлі кәсіпорын салаларының өсуі-

не апаратын негізгі жолдардың бірі. Инновациялық үдерісте сапалық және техникалық деңгейдегі мәселелер шешіледі.

Индустриалды елдерде инновацияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы – өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен кызметтер саласын жақсартудың негізгі құралы болып отыр.

Экономикалық өсудің жаңа әдісінің және оның қалыптасуындағы инновациялық фактордың маңызы зор. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі салалар мен кәсіпорындардың құрылымын интеллектуализациялау, материалдық емес факторлардың ролін көтеру, сервистендіру, жоғары инновациялық өнімнің үлесін арттыру болып табылады.

Ғаламдық инвестициядағы шиелініскен халықаралық бәсекелестік бүкіл әлемге бизнес шарттарын (инновациялық тартымдылық) жақсартуға әкеледі, өз ретінде ол ғаламдық прогрессті жандандырады (1-кесте).

1-кесте

<u>N</u><u>6</u>4.

Экономика	Ауысу факторлары	Сипаттамасы		
Аграрлық	<ul> <li>жұмыс күшінің болуы;</li> <li>капиталдың жиналуы;</li> <li>қарапайым экономикалық қарым- қатынастар</li> </ul>	Ауыл шаруашылық өндірісін арттыру		
Индустриал- дық	- өнертабыстар мен жаңалықтар; - жинақ және капитал нарығын да- мыту	Халық үшін және өндіріс үшін өнімдерді өндіру фабрикалары мен зауыттарының болуы. Эко- номика құрылымында өнер- кәсіптің көп болуы. Өндірістік құрылымның тік интеграциясы- ның көптілігі		
Постиндус- триалдық	<ul> <li>инкременталды инновацияны ны- ғайту, автоматтандыру және робот- тандыру;</li> <li>өндірістік және технологиялық кластерлердің ролін күшейту;</li> <li>адам капиталына инвестицияны арттыру;</li> <li>венчурлық капитал ролін арттыру</li> </ul>	Жоғарғы технологияны дамыту. Өндірістің, сауда және капитал- дың жаһандануы. Қызмет көр- сету секторының айтарлықтай өсуі. Инфрақұрылымды ны- ғайту		

### Экономика дамуының эволюциясы \*

\* Авторлармен құрастырылған

Жаңа индустриалды саясат өнеркәсіп өндірісінің инновациялық, инвестициялық құрылымын қайта жүргізу, жаңа буынның қызмет көрсетулерін дамытуы тиіс. Отандық өндірісті әртараптандыру шикізат ресурстарын экспорттаудан экономиканың тәуелділігін азайту қажеттілігімен байланысты. Бұл мәселені шешу жоғары технологиялық кәсіпорындарды жедел дамыту, қызмет көрсету саласын дамыту, атап айтқанда, консалтингтік, инжинирингтік, байланыс, білім беру, қаржылық қызмет көрсетулер – постиндустриалды экономикаға көшудің шешуші факторы.

